ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 13 ақпан №1513-26-00-2/96 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Кустанов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Demeu-group» Мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Demeu-group» Мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Demeu-group» Мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінен жергілікті бюджетке 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Scanned with CamScanner

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья

Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 13.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2026, судья Кустанов Р. Б., 27.03.2026

1513-26-3-1/26

Scanned with CamScanner